

Қалиева Ш.С., Хаван А.

Әл-Фараби мұрасының дінге қатысты қырлары: зерттелуі, ғылыми тұжырымдар

Мақалада Әбу Наср әл-Фарабидің діни көзқарастарының қазақстандық ғалымдар тарапынан зерттелу деңгейі қарастырылады. Кеңестік дәуірде және тәуелсіздік жылдары жарық көрген зерттеулерге хронологиялық шолу жасала отырып, олардың мазмұнында ұсынылған тұжырымдар анықталады.

Түйін сөздер: Әл-Фараби мұрасы, дін және философия, діни көзқарас, тұжырым, зерттеу еңбектері.

Kaliyeva Sh.S., Khavan A.

Some aspects of religious views in the heritage of al-Farabi: research and scientific conceptions

In article studying of religious views of Abu Nasr al-Farabi by the Kazakhstan scientists is considered. In the chronological review published in Soviet period and years of independence of researches the main concepts which are put forward in their contents are defined.

Key words: Heritage of Al-Farabi, religion and philosophy, religious view, conception, research.

Қалиева Ш.С., Хаван А.

Некоторые аспекты религиозных воззрений аль-Фараби: исследования, концепции

В статье рассматривается изучение религиозных воззрений Абу Насра аль-Фараби казахстанскими учеными. В хронологическом обзоре опубликованных в советское время и годы независимости исследований определяются основные концепции, выдвинутые в их содержаниях.

Ключевые слова: наследие аль-Фараби, религия и философия, религиозные воззрения, концепция, исследования.

**ӘЛ-ФАРАБИ
МҰРАСЫНЫҢ ДІНГЕ
ҚАТЫСТЫ ҚЫРЛАРЫ:
ЗЕРТТЕЛУІ, ҒЫЛЫМИ
ТҰЖЫРЫМДАР**

Әбу Наср Мухаммад әл-Фараби – араб-мұсылман өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан ортағасырлық түркітекті ғұламалардың басында тұрған көрнекті тұлға. Ғалым есімін тарихта қалдырған оның әлеуметтік-философиялық трактаттары. Сондықтан да, отандық ғылымда ойшыл көзқарастары өзге қырынан гөрі философиялық тұрғыдан көбірек зерттелді.

Тәуелсіздікке дейінгі кеңестік фарабитану ғылымында бірқатар іргелі зерттеулер жасалғанымен, әл-Фараби дүниетанымының барлық мазмұнын өз бойына жинақтаған негізгі өзек – Құдай туралы ілімімен тамырланған діни көзқарастары арнайы ізденіске арқау болған жоқ немесе оның мәніне жетуде «ойшылдың идеалистік позициясын айқындаумен, ондағы материалистік нышандарды мойындаумен шектелді» [1,10]. Дегенмен, кеңестік идеология құрсауының көбесі сөгілмегендігіне қарамастан, әл-Фараби дүниетанымының түпқазығы «әлемді жаратқан Құдай деп білетін теологиялық түсінікке» сүйенгендігін [2,11] айтқан ғалым А.Қасымжановтың пікірі қазіргі парадигма алмасуы жағдайындағы ғылыми зерттеулердің басшылыққа алатын ғылыми-әдістемелік құралы, әрі тікелей ізашарына айналды.

Қазақ ғалымдарының арасында әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасының ислам діні аясында зерттелуінің алғашқы бастамасы Ақжан әл-Машани еңбектерінен байқалады. Ғалым өзінің «Әл-Фараби және ислам», «Әл-Фараби, Кеплер, Галилей және ислам тағылымы», «Әбу Наср әл-Фараби – мұсылман хакімі» [3,5] атты зерттеу мақалаларында ойшылдың діни қағидалармен астасқан космогониялық ілімін қазіргі ғылыммен сабақтастыра отырып түсіндіреді. А.Машанидың сабақтастық принципі аясында жазылған бұл зерттеу мақалалары отандық ғылымдағы әл-Фарабидің нұрнамалық іліміне қатысты математикалық зерттеулердің көшбасшысы болып саналады. Кейінгі ізденушілер еңбегінде дамытылған ғалым тұжырымдары өз кезегінде тұғырнамалық міндет атқарды.

Әбу Наср әл-Фараби шығармашылығы жайлы зерттеулердің бірінің авторы – фарабитанушы ғалым А.Көбесов. Автор 1998 жылы жарияланған мақаласында әл-Фараби «Алла тағаланың барлығына шүбә келтірмейді. Алайда ол Құдай дүниені (материяны) бар етуші, тіршілік-тыныс беруші бастапқы, түпкі себеп

деп қарастырып, одан кейін табиғат болмыс өз бетімен, өз заңдылығымен даму жолына түскен деген көзқараста» [4,5] болғандығын айтып, ойшыл ілімін таза аристотелизм принципінде ашып көрсетуге тырысса, келесі бір «Құраннан туындаған ғылым немесе әл-Фарабидің космогониясы» атты зерттеуінде ойшылдың «Жаратылыстанудың биік (діни) негіздері туралы трактатына» талдау жасай келе, оның есімін Құран ілімі тарихындағы тәпсірші ғалым Абдаллах ибн Аббаспен (686 ж. қайтыс болған) байланыстырады. Сөйтіп, әл-Фарабиді ұлық имам Әбу Ханифа және имам Шәфиимен қатар қояды. Ол: «...тәпсірді бірінші жазған автор Абдаллах ибн Аббас еді. Фараби жоғарыдағы трактатын жазуда осы ибн Аббасқа сілтеме жасап отырады... ұлы бабаны мұсылман қауымының имам ағзам – Әбу Ханифа және имам Шафии сияқты ірі имамы деп тануымыз керек», [5,25] – дейді. Өз кезеңінің ақпараттық кеңістігінің мүмкіндігіне сай жазылған А.Көбесовтің бұл зерттеу мақалалары бірқатар мәліметтерді жинақтап, ой-пікірлерді тұжырымдап беруімен, фарабитану ғылымындағы әл-Фараби шығармашылығының тұғырын тиянақтай түсуімен құнды.

Әбу Наср шығармашылығын арнайы зерттеу нысанына айналдырушылардың бірі – К.Таджикова. Ол әл-Фараби еңбектерін аударды ғылыми зерттеулерімен ұштастырып жүрген ғалым. Автор фарабитану саласындағы өзге де аудармаларының қатарын 2005 жылы «Книга букв» («*Китабул-хуруф*») трактатымен толықтырды. Оның аудармалары түпнұсқадан тікелей жоғары кәсіби деңгейде орындалуымен ерекшеленеді. К.Таджикова «Аль-Фараби о соотношении философии и религии» [6] атты зерттеу мақаласында ғалымның дінге қатысты көзқарастарын талдайды. Дәстүрлі діннің кейбір постулаттарына қарсы болғанымен, одан түбегейлі қол үзіп кетпейтін құдайылық мектеп өкілдері мен антикалық фәлсафалық ойды басшылыққа алған философтар арасындағы дара жолды ұстанушылардың қатарына әл-Фарабиді қосқан автор дін мәселесінде ғалымның бейтарап ұстанымда болғанын айтады. Ойшыл дүниетанымының қыр-сырын жетік игергендігімен ерекшеленетін автор талдаулары әл-Фараби еңбектерінде қолданылатын «дін» сөзінің Аллаға бағыну идеясын дәріптейтіндігін әрі ортақ түсінік ретінде ислам, христиан, иудаизмге тіркеліп қолданыла беретіндігін, ал «*миллә*» араб тілінен аударғанда «дін» немесе «үммет» сөзімен астарлас келетін «діни бірлестік» мағынасында келіп, әл-Фараби діни-философиялық концеп-

циясының тұғырында «діннен» гөрі басымдық алғанын, себебі ойшыл үшін дін қоғамдағы моралдық-құқықтық қатынастарды реттеудегі «маңызды саяси өнер» екендігін айқындап береді. Зерттеуші ғылым тарихында түпкілікті маңызға ие ортағасырлық қоғамда өмір сүрген әл-Фарабидің діннен тыс болмағанын, Құдайға сенгендігін жоққа шығармағанымен, оны таза діни ілімнің өкілі болды дегенге келіспейді. Себебі, ойшылдың діни көзқарастары белгілі бір дін жүйесіне емес, жалпы адамзаттық мүддеге арналған, сол себептен де, ол өзінің түсінігін ғалым ретінде объективті және тура баяндайды деген К.Таджикованың мақаласы әл-Фараби шығармашылығындағы дін мен философия арақатынасының тұтастай картинасын беретін іргелі еңбек.

Кеңестік кезеңнің өзінде-ақ, әл-Фараби шығармашылығының дінге қатысты қырларына қызығушылық танытқан ғалымдардың бірі М.Бурабаев болатын. Ол кезінде әл-Фарабидің Б.Тайжанов аударған «Дін туралы трактатының» (1987 ж.) жарық көруіне басшылық еткені үшін кеңес цензурасына да ұшыраған. Кейін партиялық жүйенің әлсіреуімен аталған еңбектің халықпен қайта табысуына тікелей ықпал етті. 2006 жылы жарияланған «Фараби Аристотельден кейінгі екінші ұстаз. Құран және Ахмед Яссауидің хикметтері. Ислам және Бекасыл Биболатұлының философиясы» атты кітабында автор түркі жерінен шыққан ортағасырлық ғалымдар шығармашылығына шолу жасай келе, ойшылдың дін мен философия арақатынасын түсіндіретін еңбектеріне жеке мақала арнаған. Зерттеуші «Абу Наср о взаимосвязи философии и религии» деп аталатын осы мақаласында әл-Фарабидің философия мен діннің қоғамдағы орны мен рөлі туралы ойларының қазіргі қоғамда да өзекті екендігіне тоқталып, ғалымның «Книга букв» («*Китабул-хуруф*») еңбегіндегі діннің канондары мен жалпы арнайы діни лексиканы беретін сөздердің пайда болуы туралы көзқарастарына талдау жасайды: «Фараби дінсіз және дінге ие қоғамның болуын да, дін мен оның кейбір ойларының бір халықтан екінші бір халыққа ауысуының да мүмкін екендігін, сол себепті, «бұл дінді енгізетін» және осы діндегі өздеріне мүлдем таныс емес канондарды өз тілдерінде «анықтаушы» шынайы адам міндетті түрде өмір сүру керектігін айтады. Бұдан дін – пайғамбарлықтан алыс тұрған құбылыс, одан да зоры дін адамға және адам қоғамына Құдайдан қарағанда, анағұрлым жақын екені анық байқалады. Фарабиге сүйенсек, «дін бі-

рінші басшы тарапынан барлығы үшін белгіленіп берілген көзқарастар мен іс-әрекеттер» [7,8] дей келе, әл-Фарабидің «Бірінші басшы» дегенде Мұхаммед пайғамбарды меңзегенін әрі діннің пайда болуын соңғы пайғамбармен байланыстырғанын даралап көрсетеді. Бұл жерде зерттеушінің әл-Фараби пайымдауларына талдау жасау барысында қарама-қайшылыққа тап болғанын байқауға болады. Автор «пайғамбарлықты діннен алыс» дей отырып, адамзат баласының соңғы пайғамбары әл-Фараби үшін «Бірінші Басшы» болды деген пікірі түсініксіз.

Отандық фарабитану ғылымында әл-Фарабидің діни көзқарастарын алғашқылардың бірі болып зерттеуіне арқау еткен белгілі тарихшы ғалым Ә.Муминов. Ол 1994 ж. жарық көрген «Религиозно-политические взгляды аль-Фараби» [8,223] атты мақаласында ортағасырлық ойшылдың діни сеніміне қатысты бір тың деректің ұшын алға тартады. Ә.Муминов ғалым атына берілген «Екінші ұстаз» мәртебесінің тарихы туралы ғылымда қалыптасқан көзқарасқа өз қарсылығын білдіріп, «пұтқа табынушы (Аристотельді айтады – Ш.Қ.) мұсылман үшін ұстаз бола алмайды», сондықтан әл-Фараби ілімінің ақиқатын ашу үшін ең алдымен YIII-X ғасырларда Фарабта қалыптасқан діни-саяси жағдайды егжей-тегжейлі зерттеу керек дейді. Мақалада зерттеуші сол кезде Фараб қаласында кең уағыздалған кайсаниттік ілім мен оның мұсылмандық әдебиетке «*мубаййидилер*» («ақ киінгендер» – «одетые в белое») атауымен енген *муслимийа*, *фатимийа*, *тайарийа* секталарының бәріне ортақ нәрсе – өздері «күнәдан пәк», «дана» имам деп санаған Әли ибн Әбу Тәлибтің (661 жылы қаза болған) ұлы Мухаммад ибн Ханайфийи (700 жылы қазақ болған) ұрпақтарының имаматтығына сенуі туралы баяндайды. Ғалымның пікірінше, әл-Фараби өзінің жан-жақты қалыптасқан, біртұтас пирамидалық ілімінің шыңына «имамды» шығаруына *мубаййидилер* арасынан шыққан *батиниттер* (карматтар) ілімі ықпал еткен. Ә.Муминов: «...олардың ілімі бойынша егер адам өзінің имамын танымай жан тапсырса, ол құдайсыз өлген болып саналды. ...имам жоқ жерде онымен байланысты «*баб*» («врата») ұстап тұрған. ...Фараби үшін бақыт деген имамға, оның «даналығына», «ақиқатына» (*хикма*, *хақаи-қ*) қол жеткізу... Ақиқат, әл-Фараби өзі жан-жақты қалыптастырып кеткен логика ережесімен құдайылық құпияны тану. Осының барлығы имамның жердегі делдалы (баб) – «қайырымды қала» билеушісінің, басшысының жетекшілігімен жүзеге асады» [8,224-225] – дей-

ді. Аш-Шахристани «Книги о религиях и сектах» атты еңбегінде «Шииттер Әлиді жақтаушылар. Ашық түрде де, құпия түрде де олар соның имаматын, соның халифатын мойындайды. Олардың ойынша имамат оның ұрпақтарының қолында болуы шарт... олар – бес секта: *кайсанииттер*, *зайдидтер*, *имамиттер*, *гулаттар* және *исмаилиттер*» [9,24] – деп жазады. Бұған қарағанда, тарихшы Ә.Муминов Отырар ойшылының сенім жолындағы таңдауының ислам дінінің бір тармағы – ши'аға түскеніне шүбә келтірмейді. Автордың тағы бір жаңалығы – әл-Фарабидің *та'лимиттер* (карматтардың тағы бір атауы) ілімін қалыптастырудағы айырықша рөлін атап өтуі. Оған жүгінсек, осы еңбегі үшін әл-Фараби *та'лимиттер* арасында «Бірінші ұстаз» – «күнәдан пәк» имамнан кейінгі «Екінші ұстаз» есіміне ие болған, әрі өзінің ілімін өмірімен ұштастыру мақсатында шииттік билеуші Сайф ад-Даулаға қызмет еткен. Тұтастай алғанда, Ә.Муминов өз зерттеуінде әл-Фарабидің діни-саяси көзқарастарының қалыптасуындағы *мубаййидтердің* рөлін басым етуі арқылы ойшылдың діни ілімінің түпқазығын бекітуге тырысқан. Бұл әл-Фараби мұрасына деген қалыптасқан көзқарастардың қайта қаралуын міндеттейді.

Белгілі ғалымдар А.Қасымжанов, М.Бурабаев жетекшілігімен басталған әл-Фараби мұрасын ғылыми айналымға енгізу жұмыстарының тәуелсіздік жағдайында еуропацентристік бағыттағы идеялардан тазарған ислам руханиятында зерттеушілердің көшбасшысы белгілі ғалым, философ Ә.Нысанбаев болды. Ғалымның осы саладағы зерттеулері әл-Фараби шығармашылығын діни исламдық дүниетаным тұғырынан жаңаша сипаттап, оны материалист және атеист ретінде көрсетудің қажетсіздігін мойындатып, ойшыл мұрасының ислам философиясының дамуы мен гүлденуіндегі орнын айқын бейнелеп берді. Әл-Фараби философиясы үшін исламдық дүниетанымның рөлі мен маңыздылығын айқындаудың болашақ бағдарын жасап, фарабитанудың ақпарат кеңістігін бірқатар жаңа мәліметтермен, тың идеялармен толықтырған Ә. Нысанбаевтың бұл саладағы зерттеулері кең өрістілігімен, жаңашылдығымен ерекшеленеді.

Әл-Фараби мұрасындағы дін мәселесіне тоқталған авторлардың қатарында философ ғалым Ж.Алтаев пен жас зерттеуші А.Фролов та бар. 2009 жылы жарияланған «О взаимосвязи религии и философии в творчестве Аль-Фараби» атты зерттеу мақалада ойшыл дүниетанымындағы дін мен философия арақатынасы үш

түрлі бағытта орбитіні сөз болады. Зерттеушілер бірінші бағытқа әл-Фарабидің Жаратушымен қатынас мәселесін қояды. Олар бұл мәселеде ислам түсінігіндегі Құдай мен Аристотель іліміндегі «Алғы Себеп» түсінігінің аражігін ажыратып беруге тырысады: «... в исламе понятие Бога является абсолютно ключевым; для Аристотеля же Первопричины центральным не является» [10,103]. «*Уахи*» немесе «құдайылық аян» (божественное откровение) – грек философиясында кездеспейтін түсінік. Сол себептен де, әл-Фарабидің пайғамбарлық, пайғамбарлар арқылы жүзеге асатын аян мен *му'жизаға* қатысты әртүрлі түсіндірмелер жасауына тура келді, бұл – екінші бағыт. Ғалымдар негіздеген әл-Фарабидің дін мен философия бірлігі мәнінің үшінші бағыты «*'амма*» («жалпы», «ортақ») және «*хасса*» («жеке», «таңдаулы») ұғымдарында ашылады. «Отношение между неспособными к философии простолюдными («*'амма*») и философами, являющимися избранными «*хасса*» [10,106]. Мақала авторлары бұл үшінші бағыттың сырттай қарағанда әл-Фараби арқылы педагогикалық көзқарас тұрғысынан қарастырылған сияқты көрінгенімен, шын мәнінде, ол философия мен діннің арасындағы келісім (примирение) мәселесімен тығыз байланысты екендігін түсіндіреді.

Зерттеушілердің қарастырған келесі бір мәселесі – әл-Фараби еңбектеріндегі «пайғамбарлық» тақырыбы. Олардың айтуынша, ойшыл үшін пайғамбарлық елестету және «әрекетшіл сана» («*ақл мунфа'ил*») арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, мұнда пайғамбарды қазіргі және болашақта болатын нәрселерден хабардар ететін «*файд*» (күйылу) жолы да бар. Ал ислам дініндегі тек қана пайғамбарлар көрсете алатын *му'жизаны* әл-Фараби рационалдық жолмен түсіндіруге тырысады дейді: «Аль-Фараби попытался объяснить рациональным путем даже такой феномен, как чудеса пророков. При этом можно явно увидеть, что аль-Фараби строит взаимосвязь между пророком и философом» [10,109]. Ғалымдар осындай философиялық әдіс тұрғысынан келгенде, әл-Фарабидің пайғамбарлық туралы теориясының мәні – философ та, пайғамбар да «әрекетшіл санамен» («*ақл мунфа'ил*») байланыса алатын таңдаулы, яғни «*хасса*» адамдар, ал ол екеуінің

арасындағы бірден-бір айырмашылық – философ бұл байланысқа терең ойлану мен теориялық ойлау – пайым арқылы, ал пайғамбар – елестету күші арқылы қол жеткізеді дегенге саяды дейді. Дегенмен, әл-Фарабидің философтың пайғамбармен теңесу мүмкіндігі идеясы ислам әлемінде қабылдана қоймады. Әл-Фарабидің ақыреттегі өмір туралы ұстанымын түсіндіруде, қос автор оның ешқашан адам баласының өз әрекеті үшін марапат пен жазадан құтылмайтынын жоққа шығармағанын айтады: «По аль-Фараби, после смерти человеческую душу ждет следующая жизнь, либо полная мучения либо блаженств» [10,110]. Ал келесі өмірдегі тәндік және материалдық марапат идеясын ойшыл адам санасының барлық материалдық шектеулер мен бөгеттерден арылып, абсолютті, кемел санаға айналуымен түсіндіреді деген зерттеушілер тұжырымы ерекше.

Отандық фарабитану ғылымында Отырардан шыққан ұлы ойшыл шығармашылығының дінге қатысты қырларына арналған бірден-бір кешенді зерттеу жас ғалым Ж.Момынкұловтың «Әл-Фараби дүниетанымындағы діннің алатын орны» [11] атты еңбегі. Кандидаттық диссертация ретінде жазылған жұмыс алғаш рет әл-Фараби шығармашылығындағы діннің рөлін ғалымның өмір салты мен шығармашылық мұрасымен тығыз байланыста қарастырып, діннің негізін құраушы ұғымдарға (Алла, пайғамбар, Алла мен адам арасындағы байланыс мәселесі, дүниенің мәңгілігі мен кейін жаратылғандығы туралы, тағдыр мен жаза, періштелер) терең де, байыпты талдау жасауымен ерекшеленеді. Тұтастай алғанда Ж.Момынкұловтың бұл еңбегі әл-Фараби шығармашылығын дінмен бірлікте қарастырған, ғалымның философия тарихындағы орнын айқындап берген, Отырар ойшылының діни көзқарастарын саралай білген терең зерттеу. Зерттеуші ғалым мұраларының дінге қатысты қырларына бұрын-соңды жете назар аударылмаған мәселелерді қамти отырып, әл-Фараби шығармашылығының біртұтас картинасын айқындаған. Қазақстандық ғалымдар тарапынан соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер Әбу Наср әл-Фарабидің мол мұрасынан орын алатын оның діни еңбектері бүгінгі күн үшін үлкен маңызға ие, өзекті тақырыпқа айналып отырғанын көрсетеді.

Әдебиеттер

- 1 Нысанбаев Ә. Әл-Фарабидің рухани мұрасы: Шығыс және Батыс мәдениеттерінің сұхбаты //Аль-Фараби и развитие восточной философии. – Астана: Елорда, 2005. – 10 б.
- 2 Касымжанов. А.Х. Аль-Фараби в истории культуры. – Алма Ата: Наука, 1975. – 11 с.
- 3 Машанов А. Әл-Фараби және ислам //Зерде. – 1993. №11. – 5 б.
- 4 Көбесов А. Абай мен әл-Фарабиді қатар оқығанда: діни-философиялық тамырластықтар /Алматы ақшамы. – 1998. 14-қазан. – 5 б.
- 5 Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: Ғылым, 2004. – 25 б.
- 6 Таджикова К.Х. Аль-Фараби о соотношении философии и религии //Вестник КазГУ. Серия востоковед. – 1997. – №2.
- 7 Бурабаев М.С. Абу Наср о взаимосвязи философии и религии //Әл-Фараби – Аристотельден кейінгі екінші ұстаз. Құран және Ахмед Яссауидің хикметтері. Ислам және Бекасыл Биболатұлының философиясы. – Алматы: Мария, 2006. – 8 с.
- 8 Муминов А.К. Религиозно-политические взгляды аль-Фараби //Аль-Фараби и духовное наследие: материалы междунар.науч.-теорет. конф. «Аль-Фараби в истории науки и культуры народов Востока». – Алматы: Наука, 1994. – 223-226 с.
- 9 Аш-Шахристани. Книги о религиях и сектах. Т.1. – М.: Наука, 1984. – 24 с.
- 10 Алтаев Ж., Фролов А. О взаимосвязи религии и философии в творчестве Аль-Фараби //Наследие аль-Фараби и проблемы современного межкультурного диалога. – Алматы: Казахская цивилизация, 2009. – С. 103-110.
- 11 Момынкұлов Ж. Әл-Фарабидің дүниетанымындағы діннің алатын орны: Филос.ғылымд.канд.дисс. – Алматы, 2009.

References

- 1 Nysanbaev A. Al-Farabidin ruhani murasy: Shygys zhane Batys madenietterinin suhbaty //Al'-Farabi i razvitie vostochnoj filosofii. – Astana: Elorda, 2005. – 10 b.
- 2 Kasymzhanov. A.H. Al'-Farabi v istorii kul'tury. – Alma Ata: Nauka, 1975. – 11 s.
- 3 Mashanov A. Al-Farabi zhane islam //Zerde. – 1993. №11. – 5 b.
- 4 Kobesov A. Abaj men al-Farabidi katar okyganda: dini-filosofijalyk tamyrlastyktar /Almaty akshamy. – 1998. 14-kazan. – 5 b.
- 5 Kobesov A. Abu Nasyr al-Farabi. – Almaty: Gylym, 2004. – 25 b.
- 6 Tadzhiikova K.H. Al'-Farabi o sootnoshenii filosofii i religii //Vestnik KazGU. Serija vostokoved. – 1997. – №2.
- 7 Burabaev M.S. Abu Nasr o vzaimosvjazi filosofii i religii //Al-Farabi – Aristotel'den kejingi ekinshi ustaz. Kuran zhane Ahmed Jassauidin hikmetteri. Islam zhane Bekasyl Bibolatulynyn filosofijasy. – Almaty: Marija, 2006. – 8 s.
- 8 Muminov A.K. Religiozno-politicheskie vzgljady al'-Farabi //Al'-Farabi i duhovnoe nasledie: materialy mezhdunar.nauch.-teoret. konf. «Al'-Farabi v istorii nauki i kul'tury narodov Vostoka». – Almaty: Nauka, 1994. – 223-226 s.
- 9 Ash-Shahristani. Knigi o religijah i sektah. T.1. – M.: Nauka, 1984. – 24 s.
- 10 Altaev Zh., Frolov A. O vzaimosvjazi religii i filosofii v tvorchestve Al'-Farabi //Nasledie al'-Farabi i problemy sovremen-nogo mezhkul'turnogo dialoga. – Almaty: Kazahskaja civilizacija, 2009. – S. 103-110.
- 11 Momynkulov Zh. Al-Farabidin dүnietanymyndagy dinnin alatyn ornı: Filos.gylymd.kand.diss. – Almaty, 2009.